



Автор: Кусайнова Аиймгуль Еркиновна

Пән: Қазақ тілі (Т1)

Сынып: 7-сынып

Бөлім: Сүйіспеншілік пен достық

Тақырып: Отбасындағы сүйіспеншілік

Сабақ мақсаты	Барлық оқушылар орындай алады:Мәтін мазмұнын оқып түсінеді. Оқушылардың көпшілігі орындай алады:Мәтінді түсініп оқып, өз пікірін айтады,қорытынды шығара алады; өмірмен байланыстырады. Кейбір оқушылар орындай алады: мәтіндегі факт мен көзқарасты ажыратады; мәтін бойынша проблемалық сұрақ дайындайды; мәтіннен етістіктің есімше ,көсемше түрлерін тауып , сөз құрамына талдай алады.
Бағалау критерийлері	• Мәтіннің мазмұнын түсінді • Мәтін бойынша проблемалық сұрақтар құрастыра алды • Етістіктің есімше, көсемше түрлерін тілдесім барысында қолдана алды
Ойлау дағдыларының деңгейі	жоғары деңгей (талдау, жинақтау)
Құндылықтарға баулу	Мәдениет пен тілдің , адамгершіліктің біртұтастығы»
Пәнаралық байланыс	Өзін-өзі тану, әдебиет

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

Сабақ басы	Сынып реттілігін қадағалау. Оқушыларды түгелдеу. Оқу құралдарын байқау. Бір-бірімізді тыңдаймыз десек 1 рет қол шапалақтаймыз! Ұйымшыл боламыз десек 2 рет Белсенділік танытамыз десек 3 рет шапалақтаймыз! Ширату жаттығуы. Оқушылар бір-біріне достарының мінездерінің жақсы жақтарын айтып шығады. Ойларын айту үшін /менің ойымды өзгерткен сенің бойыңдағы мынадай асыл қасиетің ... дегенсөзден бастайды/ (адалдық, мейірімділік, ақкөңілділік, адамгершілік, сенім, кешірімділік, еңбекқорлық т.б) Психологиялық ахуал Тренинг « Жүрекшемен тілек» Бірімізге –біріміз шарды беру арқылы жылы лебіз білдіреміз. Қызығушылықты ояту кезеңі «Достық » ойыны арқылы жүзеге асырылды. Стикерлер арқылы топқа бөлу. 1-топ қызыл түс «Бақыт » тобы 2-топ жасыл түс «Қуаныш» тобы 3- топ көк түс «Сүйіспеншілік» тобы Сабаққа қатысты бейнежазба көрсету. Кері байланыс: -Бейнежазбадан не байқадыңыздар? -Бүгінгі сабаққа қандай қатысы бар деп ойлайсыздар? Аңыз әңгіме Тыңдалым алды тапсырма «Көңілді қалпақ » әдісі арқылы тапсырманы орындату (музыка әуені ойнап тұрады, қалпақшаны кезектесіп кигізу басталады. Музыка тоқтаған сәтте кімде қалпақша қалса сол адам сұраққа жауап береді) 1-тапсырма. 5e04b994efdbf.png04b9a39314a.png Image not found in attachment, anchor type unknown «Сүйіспеншілік -достық өмірдің мәні» тақырыбында шағын диалогқа түсіңдер (дәйектеме: бұл тапсырманы тақырыпты таныстырып, оқушы білімін қозғау үшін қолдандым) Ж.Ж. Әр топтан 2 оқушы Мысалы: 1. Бейне сюжеттен қандай ой түйдің ? 2.Сенің ойыңша отбасына сүйіспеншіліктен басқа тағы не қажет? Неліктен ? 3. «Қазіргі заманда адамдардың барлығында сүйіспеншілік қасиет бар деп ойлайсыңдар ма ? 4.Отбасындағы кикілжің неден туындайды .Өз пікірің 5. Сүйіспеншілік сөзіне қарама -қарсы сөзді атай аласыз ба? Дескриптор : □ еркін диалогке түсе алады □ сүйіспеншілік сөзінің мәнін біледі Қ.Б« Мадақтау бұрқасыны» тәсілі Мұғалімнің бағалауы (алғыс білдіру)	Жүрекше шар «Қазақ тілі» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасының ерекшеліктері. Түсінік хат, 8-күн, 2-бет. Қалпақша , музыка әуені
-------------------	---	---

Сабақ ортасы	Мағынаны тану кезеңі Тыңдалым тапсырмасы: 2- тапсырма «Әдеби шеңбер » стратегиясы Т.Ж 1-топ Оқушылар мәтінді оқиды, мазмұнымен танысады. Мәтін «Ана махаббаты» (аңыз әңгіме) Төле бидің алдына бір балаға таласқан екі әйел шешім сұрап келеді. Екеуі де «бала менікі» деп бет бақтырмайды. Біреуі: «Бұл баланы мен тудым, бесіктегі жатқан шағында ұрлап кеткен еді. Бұны пәлен жеріндегі алақандай қалынан таныдым», - десе, екіншісі: «Ұрлаған түгім жоқ, 9 ай көтеріп тапқан ұлым», - десекерек. Сонда Төле би қолына қылыш алып: «Бұл баланы екеуіңе қақ бөліп берейін», - деп баланы қақ бөлмекші болады. Баланы 9 ай көтердім деген әйел бұл әрекетке міз бақпастан қарап тұрса, «ұрлатып алдым» деген әйел: «Ойбай-ай, шаппаңыз! Қайда жүрсе де аман жүрсін!» - деп жер тізерлеп отыра кетеді. Сөйтіп би баланы өз анасына қайтарып береді. Талқылаушы - мәтіннің мазмұнын айтады, мәтіндегі факт мен көзқарасты ажыратады. Постер дайындайды Байланыстырушы - өмірмен байланыстырады Қорытындылаушы - мәтіннен қорытынды шығарады. Топ білгірі - мәтіннен есімшелерді тауып, сөйлемдегі қызметін анықтайды Белгілеуші - мәтін бойынша проблемалық сұрақ дайындайды 2-топ Мәтінді оқып, ақпарат көздерін анықтаңыз. Қажетті 5-6 деректі іріктеңіз. «Сүйіспеншілік-тіршілік негізі» Әлемде сүйіспеншілік болмаса не болар еді? Адам баласы дүниеге келіп, ес жиып, есейіп, оң мен солын айыра бастаған соң, ең алдымен бүкіл әлемді жаратқан құдіретті күштің иесі - Аллаһ тағаланы барынша жантәнімен сүйіп, осы сүйіспеншілігімен өмірден өтуі керек. Жалпы сүйіспеншілік ұғымы - бүкіл жарық дүниені сүю. Ал жарық дүниеге Аллаһ тағала жаратқан бүкіл әлем кіреді емес пе? Егер адам баласының сүйіспеншілігі бүкіл әлемге, яғни жанды, жансыз дүниеге (тау, тал, адам, мақұлық) бірдей болса, нұр үстіне нұр Сүйіспеншілік - тіршіліктің негізгі тірегі. Сүйіспеншілік - тіршіліктің сәні мен мәнін келтіретін нұр әрі ең басты қуат көзі. Жарық дүниеде барша кедергі, кесепатты жеңетін күш те осы сүйіспеншілік. Дескриптор Білім алушы - ақпарат көзін анықтайды; - қажетті 5-6 деректі іріктейді. 2-тапсырма. «Әдеби шеңбер» стратегиясы. Топтық тапсырмалар: Талқылаушы - мәтіннің мазмұнын айтады, мәтіндегі факт мен көзқарасты ажыратады.Постер дайындайды Белгілеуші - мәтін бойынша проблемалық сұрақ дайындайды «Қазіргі заманда адамдардың барлығында сүйіспеншілік қасиет бар деп ойлайсындар ма?» 3-топ «Әке мен бала» әңгімесі Қытай жұртында ескі заң бар екен : біреуді алдағандығы расталса, алдаған кісінің қолын кесетін. Бір төре осындай іспен күнәлі болып, әлгі айтылған жазаны алуға тұрғанда, жас қыз баласы әкем үшін жауап беремін депті. Сөйтіп, қызды патшаға алып келіпті. - Тақсыр , патшам,-деді қыз,- менің әкем жазаға лайық болғаны рас. Сол үшін қолынан айрылуы керек болды. Мінеки , тақсыр , әкемнің қолы,- деп өзінің қолын көтереді.- Бұл қол да жазықты болған әкемнің қолы, бірақ мұнымен бала-шағасын асырауға шамасы келмейді. Тақсыр, әкемнің осы нашар қолын кесіп, жұмысқа жарайтын, бала -шағасын асырайтын қолын аман қалдыруға бұйырыңыз. Патша қыздың әкесіне деген мұнша мейірімділігіне рақымы түсіп, төренің күнәсін кешті дейді. Осылайша қыз баланың батырлығы мен мейірімділігі әкесін жазадан аман алып қалыпты. Мәтіннің мазмұнын түсініп , ұсынылған ақпарат бойынша факті мен көзқарасты ажыратаңыз. «Хикая картасы» 5e04ba9f2be53.png Image not found or type unknown Ақпарат Факт Көзқарас Дескриптор : Тыңдалған мәтіннен негізгі ақпаратты ажырата алады Көркем бейнелеуіш , эмоциональды- экспрессивті сөздерді ойды дәлелдеуде тиімді пайдалана алады Қ.Б: Топтар арасындағы өзара бағалау «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі 5e04baf2b9711.png	https://youtube.com/watch?v=k6cd0M5hI4 интербелсенді тақта Үлестірмелі материал. 9-бет, 145-бет, 3-сабақ. 5e04bc2619e98.png Image not found or type unknown слайд УМ 7-күн 2 үлестірмелі материал smk.edu.kz сайтынан
--------------	---	--

Сабақ соңы	Үй тапсырмасы : «Отбасым-басты байлығым» тақырыбында эссе жазу Рефлексия «Сүзбе » әдісі жүзеге асырылады. ☐ Сабақтың сәтсіз тұсы ☐ Сәтті тұсы ☐ Ең құнды ой мен ақпарат	фильтр 5e04bc9641f2f.png Image not found or type unknown
------------	--	--